



«БЕКІТЕМІН»

«Дарын» РҒПО директоры

Ғ.ТҰРСЫНОВ

2025 жылғы « 14 » 04

**Жалпы білім беру ұйымдарының 9-11 (12) сынып оқушылары  
арасындағы ІХ республикалық «Шерхан Мұртаза оқулары»  
ғылыми-шығармашылық байқауын өткізу  
Е Р Е Ж Е С І**

**І. Жалпы ереже**

1. Осы Ереже жалпы орта білім беретін мектеп оқушылары арасында өткізілетін ІХ республикалық «Шерхан Мұртаза оқулары» ғылыми-шығармашылық байқауының (бұдан әрі – Шерхан Мұртаза оқулары) мақсаты мен міндеттерін, ұйымдастырушылық-әдістемелік қызметінің қамтамасыздандырылуын, өткізу мен қаржыландыру тәртібін, қатысуын және жеңімпаздары мен жүлдегерлерін анықтау тәртібін айқындайды.

2. Байқаудың ұйымдастырушысы – Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі «Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығы (бұдан әрі – «Дарын» РҒПО), Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасының «Жамбыл дарыны» аймақтық ғылыми-практикалық орталығы және Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз университеті болып табылады.

3. Байқаудың мақсаты – мектеп оқушылары арасында қазақтың халық жазушысы, Мемлекеттік сыйлықтың иегері Ш.Мұртазаның шығармаларын, қайраткерлік тұлғасын өскелең ұрпаққа кеңінен насихаттау, тәуелсіз ел руханиятындағы маңызын зерделеу, егемен еліміздің әдебиеті мен мәдениетіне үлес қосу.

4. Негізгі міндеттері:

- дарынды оқушыларды анықтау, дамыту және қолдау, Шерхан Мұртаза мұраларын оқып-үйренуге ынталандыру жолымен азаматтықты, патриотизмді қалыптастыру, әдеби мұралардың жүйелі оқылуын жолға қою;
- шығармашылық қабілеттер мен ғылыми-практикалық іс-әрекеттерге деген қызығушылықты анықтау және дамыту.

**ІІ. Шерхан Мұртаза оқуларының қатысушылары**

1. Шерхан Мұртаза оқуларына республикадағы жалпы білім беретін ұйымдардың 9-11 (12) сынып оқушылары қатыса алады. Байқауға 3 номинация бойынша облыстық кезеңде жеңімпаз атанған 3 оқушы (әр номинацияға – 1 оқушы) және жауапты топ жетекшісі қатысады. Шерхан Мұртаза оқулары – қазақ тілінде жүргізіледі.

2. Қатысушылардың жетекшілеріне байқау өткізілетін жерге дейін бару (кері қайту) жолында және келген сәттен бастап өтетін орынға дейін, оны өткізу

мерзімі және кейін тұрғылықты орнына жеткізілгенге дейін қатысушылардың өмірі мен қауіпсіздігіне тікелей жауапкершілік жүктеледі.

### III. Ұйымдастыру және өткізу тәртібі

#### 1. Байқау үш кезеңде өтеді:

I кезең – Аудандық\қалалық кезең;

II кезең – облыстық, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының білім басқармалары, РББҰ, «Назарбаев зияткерлік мектептері» ДББҰ өткізеді.

III кезең – республикалық, қорытынды – «Дарын» РҒПО, Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасының «Жамбыл дарыны» АҒПО және Ш. Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз университеті өткізеді.

#### 2. Байқау 3 номинация бойынша өткізіледі:

1) **«Жүрекке жол тапқан жұлдыз көпір»** номинациясы бойынша оқушылар жазушының шығармалары негізінде ( драмалары: «Ноктаға басы сыймаған», «Сталинге хат», «Бесеудің хаты», «Жалғыз үйлік зілзала», «Домалақ ана») берілген теориялық сұрақтар мен үзінділерге әдеби, тілдік талдау жұмыстарын орындайды.

2) **«Зау тұлға»** номинациясы бойынша оқушылардың өз шығармалары (Ш.Мұртаза туралы жазған арнау өлеңдері) бағаланады.

3) **«Шерхан Мұртаза мұрасы»** (ғылыми жоба) номинациясында оқушылар зерттеу жұмыстарында Шерхан Мұртазаның прозалық, публицистикалық дүниелері, драмалық шығармалары, философиялық тұжырымдары, патриоттық рухта жазылған, ана тіл, ұлттық тарих, ұлттық құндылықтар, ұлт болашағы мәселесіне байланысты (оқушының таңдауы бойынша) тұжырымдары терең талданып, өзіндік пікірлер мен жаңалықтар көрініс табуы қажет. Тілден жазылған жағдайда Ш.Мұртазаның шығармалары тілдік тұрғыдан сауатты талданып, теориялық жаңалықтар болуы шарт.

### IV. Бағалау критерийлері

1. Байқаудың қатысушыларын бағалау қазылар алқасы мүшелері тарапынан жүргізіледі. Жүлдегерлер қазылар алқасының шешімімен анықталады.

2. Жалпы бағалау 10 ұпайлық жүйемен есептеледі. Орындар анықталып, терең білімін көрсете білген қатысушылар марапатталады.

3. «Жүрекке жол тапқан жұлдыз көпір» номинациясы бойынша қатысушылар Ш.Мұртазаның өмірі мен шығармашылығы негізінде теориялық сұрақтарды камтитын билеттер бойынша тапсырмалар орындайды (Билетте 5 сұрақ болады. Үш теориялық, екі талдау беріледі).

4. «Зау тұлға» номинациясы бойынша қатысушылар Шерхан Мұртазаның өмірі мен шығармашылығы негізінде ұсынылған тақырыптардың (тақырыптар байқау кезінде ұсынылады) біреуін таңдап, өлең жазады. Берілетін уақыты: 50 минут. Жазған өлеңінің көркемдігі, тілі, мазмұны, поэтикалық ерекшелігі,

оқушының ақындық қабілеті мен талабы ескеріледі. Қатысушы өз шығармаларының жинағын (кітапша) байқау басталғанға дейін ұсынуы қажет.

5. «Шерхан Мұртаза мұрасы» (ғылыми жоба) номинациясына қойылатын талаптар:

Жұмыс көлемі 15 беттен кем болмауы керек, мәтіні толық компьютерде теріліп (WORD, шрифт Times New Roman -14, 1,5 интервал, сол жақтан 2 см жол қалдыру), беттері нөмірленуі тиіс. Плагиатқа қарсы анықтама көрсеткіші 70 % (пайыз) кем болмауы керек.

Титул парағында:

- Жұмыс жүзеге асырылатын ұйымның аты, (облысы, аудан/қала, мектебі);
- Жұмыстың тақырыбы, бағыты (прозалық, публицистикалық дүниелері, драмалық шығармалары, философиялық тұжырымдары, ұлттық тарих, ұлттық құндылықтар, ұлт болашағы);
- Орындаушы (тегі, аты, сыныбы, мектебі, қаласы);
- Жұмыстың жетекшісі (аты-жөні, қызметі, жұмыс орны).

Жұмыс мазмұны:

- Абстракт (аннотация) – жұмыстың барысы 250 сөзден артық емес сөзден тұратын жұмыстың қысқаша мазмұнамасы көрсетілуі тиіс;
- Кіріспе – жұмыстың тиянақты сипаттамасы (екі беттен артық емес), мақсаты, міндеті, өзектілігі, жұмыстың жүзеге асырылған жері көрсетіледі;
- Жұмыстың негізгі бөлімі 12-13 беттен кем емес жеке тараулардан тұруы мүмкін;
- Қорытынды (2 беттен артық емес) жұмыстың негізінде жасалған қорытындыларын, нәтижелерін, ұсыныстарын келтіреді;
- Пайдаланылған әдебиеттер тізімі жұмыс соңында жалпы тізіммен беріледі.

Жұмыс арнайы дайындалған таныстырылым (слайд) арқылы қорғалады.

Берілген уақыт – 5-7 минут.

## **V. Байқауды ұйымдастыру комитеті**

1. Байқауды ұйымдастыру және өткізу үшін ұйымдастыру комитеті (бұдан әрі – Ұйымдастыру комитеті) құрылады. «Шерхан Мұртаза оқулары» ғылыми-шығармашылық байқауының ашылуы және қатысушыларды марапаттау рәсімі салтанатты түрде өтеді.

2. Ұйымдастыру комитеті Шерхан Мұртаза оқуларының қорытынды кезеңінің өткізілу орнын белгілеп, дайындық жұмыстарын жүргізуге тікелей басшылық етеді, әділ-қазылар алқасының құрамын, қатысушылардың тізімін,

байқаудың өткізілу бағдарламасын бекітіп, жеңімпаздар мен жүлдегерлерді марапаттайды.

3. Қазылар алқасының құрамына жоғарғы оқу орнының ғалымдары, білім беру ұйымдарының білікті мұғалімдері, жазушы, журналистер кіреді.

4. Қазылар алқасы қатысушылардың білімі мен өнерін бағалайды, ұйымдастыру және өткізу барысындағы мәселелерді талқылайды, жеңімпаздар мен жүлдегерлерді анықтайды.

## **VI. Қорытындылау және марапаттау**

1. Шерхан оқуларының жеңімпаздары мен жүлдегерлері әрбір номинация бойынша қатысушылардың жалпы санының 45% пайызын құрайды.

2. Әр номинация бойынша тағайындалған әділ-қазылар алқасы шешім шығарады.

3. Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігінің «Дарын» РҒПО-ның I, II, III дәрежелі дипломдары мен грамоталары және бағалы сыйлықтармен, сонымен қатар Ш.Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз университетінің білім грантымен марапатталады.

## **VII. Қаржыландыру**

1. Қаржы шығындары бекітілген сметаға сәйкес қаржыландырылады. Республикалық кезеңге жолдама алған қатысушыларды мен топ жетекшісінің іссапар шығындары жіберуші жақ есебінен төленеді.

## Сұраныс үлгісі

| №   | Облысы | Ауданы/қала Ауылы | Мектептің атауы | Мектептің ID | Қатысушының аты – жөні<br>(толық жазылуы керек) | Қатысушының ЖСН | Сыныбы | Дайындаған жетекшінің<br>аты – жөні,<br>телефоны<br>(толық жазылуы керек) | Жетекшінің<br>ЖСН | Номинациясы | Топты алып жүретін<br>жетекшінің аты-жөні, Жұмыс<br>орны, қызметі, телефоны |
|-----|--------|-------------------|-----------------|--------------|-------------------------------------------------|-----------------|--------|---------------------------------------------------------------------------|-------------------|-------------|-----------------------------------------------------------------------------|
| 1   |        |                   |                 |              |                                                 |                 |        |                                                                           |                   |             |                                                                             |
| ... |        |                   |                 |              |                                                 |                 |        |                                                                           |                   |             |                                                                             |

Ескерту: «Шерхан Мұртаза оқулары» байқауының республикалық қорытынды кезеңіне қатысып, жеңімпаз атанған (I орын) оқушы екінші рет байқауға қатыса аламайды.

IX республикалық «Шерхан Мұртаза оқулары» ғылыми-шығармашылық байқауына қатысушыларының сандық мәліметтері.

| Облыс атауы | I этап,<br>аудандық |             | II этап,<br>облыстық |                     |   |    |     |
|-------------|---------------------|-------------|----------------------|---------------------|---|----|-----|
|             | Мектеп саны         | Қатысушылар | Мектеп саны          | Қатысушылар<br>саны | I | II | III |
|             |                     |             |                      |                     |   |    |     |